

АШЫҚ САБАҚТЫҢ ЖОСПАРЫ

Сабақ тақырыбы: Еңбек төлемінің жүйесі мен нысаны.

Жалақыдан ұсталынатын ұсталымдар.

Сабақ мақсаты: Студенттердің таным қабілеттерін белсендіру.

Кәсіби дағдыларын қалыптастыру.

Мақсаттары:

Білімділік: Жалақыдан ұсталынатын ұсталымдарды есептеу жолдарын меңгеру.

Дамутышылық: Сабақ барысында студенттердің логикалық ойын, таным қабілеттерін дамыту.

Тәрбиелік: Кәсіби жауапкершілікке, тапқырлыққа тәрбиелеу.

Сабақтың түрі: Білімдерін бекіту.

Сабақтың формасы: Өндіріс жағдайларынан іскерлік ойын.

Әдіс – тәсілдері: Оқытушы басшылығымен дербес жұмыс жасау.

Сабақтың көрнекілігі: Нұсқаулық карталар, есептердің типтік жоспары, көрнекіліктер, калькулятор.

Пәнаралық байланыс: Аудит.

Сабақ барысы:

I. Бағдарлау-мотивациялық кезең:

-Амандасу;

-Топ студенттерін түгендеу;

-Сабақтың мақсаты мен міндетін қою.

Сабақты ҚР Президентінің маңызды сөздерімен бастаймыз.

"Бүкіл қазақстандықтардың гүлденуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының көтерілуі"

Әр бір жұмысқа қабілетті адам жұмыс ақысын алады.

Жұмыс ақысы әр бір адамға әлеуметтік жағын жақсартады.

Қазіргі уақытта тақырыбымыз актуальдық болып келеді.

II. Тірек білімдерін белсендіру:

Еңбек ақы төлеуінің мағынасын кірістер табысы екендігін қарастыру:

Мемлекет үшін – бюджетке салық арқылы, еңбек ақыдан алынатын ақша;

Адам үшін – негізгі табыс құны;

Болашақ зейнеткерлер үшін – зейнетақы кірістер;

Кәсіпорын үшін – материалдық ұмтылу өндіруші еңбек үшін;

Кәсіпкер үшін – бұл шығыстар, өндірілген өнім бағасына енгізілген.

2012 жылдың 27 қаңтарында ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Жолдауында «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту - Қазақстан дамуының басты бағыты» сөздері біздің тақырыпқа келеді.

«Қазақстан жолының жаңа кезеңі – экономиканы нығайтудың, халықтың әл-ауқатын арттырудың жаңа міндеттері».

1. "Қара жәшіктен" нөмірленген жетондарды шығарып, нөмірге сәйкес тапсырманы орындау.

Сөз жұмбақты шешу.

		1Ж							
		2а							
3		Л							
	4	а							
		5Қ							
6		Ы							

1. Салықтың қандай табыс еңбек ақы сомасынаң алынып бюджетке аударылады? /Жеке/
2. Алдын ала төленетін ақы? /Аванс/
3. Әрбір жұмыс үшін төленетін ақы? /Төлем/
4. Өз еңбекқорылықпен табылған ақы? /Табыс/
5. Еңбек ақының бір түрі? /Қосымша/
6. Алдын ала жұмыс бітірген және сапалы жұмыс үшін төленетін төлем? /Сыйақы/

Шаруашылық әрекеттерінің мазмұның айту.

Дт 3350 Кт 3220 - **Зейнеткерлік жарнасы есептелінеді**

Дт 3220 Кт 1030 - **Зейнеткерлік жарнасы аударылды**

Дт 3350 Кт 3120 - **Жеке табыс салық сомасы есептелінеді**

Дт 3120 Кт 1030 - **Жеке табыс салық сомасы аударылды**

Корреспонденцияны құру.

Негізгі өндіріс жұмысшысына еңбек ақы есептелінеді

Дт 8110 Кт 3350

Әкімшілік қызметкерлеріне еңбек ақы есептелінеді

Дт 7210 Кт 3350

2. III. Тәжірибелік жұмыс орындау:

Негізгі тапсырманы /нұсқаулық карта / тарату.

Тапсырма орындалуымен нұсқау өткізу.

Сабақтың бас кезінде топ 4 кәсіпорынға бөлінген.

Ұйым ұсыну: кәсіпорынның атауы және әрекеті.

Әрбір кәсіпорында тізімдеуші, бухгалтер - есепшілер және бас есепші, олар өз міндетін орындайды.

Есептеп шығарған сон:

Әрбір кәсіпорынның бас есепшілері шығарғанын, қойылған сұрақтарға толық және дұрыс жауап беру керек.

1 Кәсіпорын «Сұңқар»

Жалпы есептелген жалақыны есептеу;

Барлық ұсталымдар сомасын есептеу;

Қолына берілетін жалақы сомасын есептеп шығару;

Бухгалтерлік жазбаны құрастыру.

2 Кәсіпорын «Сенім»

Жеке табыс салық сомасын есептеу;

Алименттер ақыны есептеу;

Қолға берілетін есептелген жалақы сомасын есептеп шығару;

Бухгалтерлік жазбаны құрастыру.

3 Кәсіпорын «Әсем»

Жинақ зейнеткерлік қорға зейнеткерлік жарнасының сомасын есептеу;

Қолға берілетін жалақыны есептеу;

Берілген сыйақы сомасын анықтау;

Бухгалтерлік жазбаны құрастыру.

4 Кәсіпорын «Раушан»

Ауырған күндеріне есептелген жалақыны шығару;

Демалыс күндеріне есептелген ақы сомасын шығару;

Кәсіподақтық жарнасы сомасын есептеу;

Бухгалтерлік жазбаны құрастыру.

IV. Студенттердің дербес жұмысы:

Тәжірибелік жұмысын топпен істеу.

V. Топтардың жетекшілерінің жұмысы.

Әр бір топтың жетекшілері тақтаға шығып өз кәсіпорынның тапсырмаларының шешімін айту.

VI. Әр бір кәсіпорынның бас есепшінің қарасымен.

Есепші-бухгалтердің көз қарасымен фильм кадрларына түсінектер беру.

VII. Рефлексиялық – бағалау кезеңі:

I. Рефлексия:

Сұрақтар:

-Қандай тапсырманы сендер бүгін орындадыңдар?

-Қандай қиыншылықтар туындады? Неге?

-Қандай тапсырманы қиыншылықсыз шығардыңдар?

II. Жұмыстардың нәтижелерін тексеру.

Студенттерді бағалау.

Әр бір кәсіпорынға берілген тапсырманы тексеріп, баға қою.

Әр бір кәсіпорынның бас есепшінің тапсырмасын тексеріп, баға қою.

Әр топтарға баға қоюдың қиындық жағдайларында келесі сұрақтарды қоюға болады немесе қандай мақал -мәтелдерді айта аласыздар:

Сұрақтарға жауаптарын беріңіз:

Еңбекақының қандай түрлері болады?

Зейнеткерлік жарнасы сомасы қалай есептеледі?

Жеке табыс салық сомасы қалай есептеледі?

Мақал-мәтелдерді танып білу.

Жатып – жұмыс бітпейді;

Балық сумен адам еңбекпен өмір сүреді;

Жұмысшы қандай болса, жалақысы сондай;

Еңбек етсен ерінбей, тояды қарның тілекпей;

Еңбек етсен аш қалмайсын;

Бір жалақы үшін 2 адамға еңбек етпе;

Жақсы тамақтанған – үшін емес, жақсы жұмыс атқарған үшін мақтайды;

Өзгенің табысына – тоймайсын;

Табыс көп, өнім аз;

Өз қолымен жұмыс істеп, өз еңбегімен өмір сүрем;

Қолың шебер болса, аш қалмайсын.

Бағаларды қорытындылау.

VIII. Үй жұмысы: В.В.Радостовец, «Кәсіпорындағы бухгалтерлік есеп»
256-266 бет. 3350 шоттың мінездемесін қайталау.